Үлкенмолекулалық олефиндер жағдайында қос байланыстың изомерленуі болып, нәтижесінде изоқұрылысты спирттердің қоспасы түзіледі. Мысалы, изобутиленнен 3-метилбутанол-1 түзіледі:

$$CH_3-\underset{\displaystyle CH_3}{\underset{|}{C}}=CH_2+CO+H_2 \longrightarrow CH_3-\underset{\displaystyle CH_3}{\underset{|}{CH}}-CH_2-CH_2OH$$

Осы реакцияның кейбір ерекшелігі этилен үшін де байқалады, диэтилкетон түзілетіні байқалады:

$$2\,CH_2=CH_2+CO+H_2 \longrightarrow C_2H_5-CO-C_2H_5$$

Парафин крекингісінен өндірілетін α-олефиндерден оксосинтез нәтижесінде қалыпты және изоқұрылысты спирттердің қоспасын алады:

